МИКРОТОЛҚЫНДЫ ЭНЕРГИЯНЫҢ ЫҚТИМАЛ ШАМАДАН ТЫС ӘСЕРІН БОЛДЫРМАУ ЖӨНІНДЕГІ САҚТЫҚ ШАРАЛАРЫ

01 Пешті ашық есікшесімен пайдалануға тырыспаңыз, өйткені бұл микротолқынды энергияның зиянды әсеріне әкелуі мүмкін. Қорғаныс экранын шешпеңіз және сындырмаңыз!
02 Пештің беттік жағы мен есікшесі арасына ешқандай заттарды орналастырмаңыз және тығыздағыш беттерде кірдің немесе тазартқыш құрал қалдықтарының жиналуына жол бермеңіз.
03 **НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!** Егер есігі немесе есік тығыздауыштары бүлінген болса, пешті құзыретті маман жөндегенге дейін пайдалануға болмайды.

ҚАУІПСІЗДІК ЖӨНІНДЕГІ МАҢЫЗДЫ НҰСҚАУЛАР



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Өрт қаупін, электр тогының соғуын, жарақат алуды немесе құрылғыны пайдалану кезінде микротолқынды пеш энергиясының шамадан тыс әсерін азайту үшін келесі негізгі сақтық шараларын сақтаңыз:

01 Мына нұсқауларды оқып шығыңыз және оларды орындаңыз: «МИКРОТОЛҚЫНДЫ ЭНЕРГИЯНЫҢ ЫҚТИМАЛ ШАМАДАН ТЫС ӘСЕРІН БОЛДЫРМАУ ЖӨНІНДЕГІ САҚТЫҚ ШАРАЛАРЫ».
02 Бұл құрылғыны 8 жастан асқан балаларға және физикалық, сенсорлық немесе ақыл-ой қабілеттері шектеулі немесе тиісті тәжірибесі мен білімі жоқ адамдарға, егер олар бақылауда болса немесе оларға құрылғыны қауіпсіз пайдалану бойынша нұсқаулық берілген болса және олар онымен байланысты қауіптерді түсінсе, пайдалануға рұқсат етіледі. Балаларға құрылғымен ойнауға тыйым салынады.
03 Құрылғыны және қуат сымын 8 жасқа толмаған балалардың қолы жетпейтін жерде сақтау керек.
04 Пайдаланушы үшін қолжетімді тазалауды және техникалық қызмет көрсетуді, олар 8 жастан асқан және қадағалауда болған жағдайды қоспағанда, балалар жүргізбеуі керек.
05 Жарақат пен электр тогының соғуын болдырмау үшін зақымдалған қуат сымын өндіруші, сервистік орталықтың өкілі немесе басқа білікті маман ауыстыруы керек.

ҚАУІПСІЗДІК ШАРАЛАРЫ

06 Жұмыс күйінде қорғалмаған беттердің температурасы жоғары мәнге жетуі мүмкін.
07 Бұл құрылғы 2-топтағы ISM жабдығына, B класына жатады. 2-топқа материалдарды өңдеу үшін электромагниттік сәулелену түріндегі радиожиілік энергиясы әдейі өндірілетін және/немесе пайдаланылатын барлық ISM (өнеркәсіптік, ғылыми және медициналық) жабдықтары, сондай-ақ электроэрозиялық жабдықтар кіреді.
08 B класындағы жабдық — бұл тұрғын орынжайларда және тұрмыстық мақсаттар үшін пайдаланылатын ғимараттарды электрмен жабдықтауды қамтамасыз ететін төмен вольтты электрмен жабдықтау желісіне тікелей қосылған мекемелерде пайдалануға жарамды жабдық.
09 Пеш басқа аспаптардан бөлек пайдалануға арналған.
10 **НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!** Жөндеу немесе техникалық қызмет көрсету жұмыстарын тек білікті маман ғана жүргізуі тиіс, өйткені бұл АЖТ-сәулеленуінен қорғауды қамтамасыз ететін қақпақты шешуді көздейді.
11 **НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!** Сұйықтықтарды және басқа да тамақ өнімдерін қымтаулы контейнерлерде қыздыруға болмайды, өйткені олар жарылып кетуі мүмкін.
12 Құрылғы үйде немесе ұқсас жағдайларда пайдалануға арналған:
- дүкендердегі, кеңселердегі және басқа жұмыс орындарындағы қызметкерлерге арналған асүйлер;
- ауылдық тұрғын үйлер;
- қонақ үйлердің, мотельдердің және басқа да тұрғын орындардың қонақтары;
- «түнеу және таңғы ас» типіндегі қонақ үйлер.

13 Микротолқынды пештерде пайдалануға жарамды ыдысты ғана пайдаланыңыз.
14 Пеште тамақ дайындау үшін өнімдер мен сусындарға арналған металл контейнерлерді пайдалануға жол берілмейді.
15 Тамақ өнімдерін пластикті немесе қағаз контейнерлерде қыздырған кезде пешті бақылаңыз, өйткені жалындау қаупі бар.
16 Микротолқынды пеш тамақ өнімдері мен сусындарды қыздыруға арналған. Азық-түлікті немесе киімді кептіру және жылытқыштарды, тәпішкелерді, ысқыштарды, дымқыл маталарды және ұқсас заттарды қыздыру жарақаттарға, тұтануға немесе өртке әкелуі мүмкін.
17 Егер түтін пайда болса, құрылғыны өшіріңіз немесе ажыратыңыз және от сөнуі үшін есікшені жабық ұстаңыз.
18 Микротолқынды пеште сусындарды жылыту баяулатылған қайнауға әкелуі мүмкін, сондықтан ыдысты пештен алғанда сақ болыңыз.

19 Тамақтандыруға арналған бөтелкелер мен балалар тағамына арналған құтылардың ішіндегісін араластыру немесе сілкіп алу қажет. Күйіп қалуды болдырмау үшін пайдалану алдында өнімдердің температурасын тексеру қажет.
20 Қабықтағы жұмыртқаны және бітеу пісірілген жұмыртқаны микротолқынды пеште жылытпау қажет, себебі ол микротолқындармен жылыту процесі аяқталғаннан кейін, мысалы, жарылуы мүмкін.
21 Пешті жүйелі түрде тазалап, кез келген тамақ қалдықтарын алып тастау керек.
22 Пешті таза күйде сақтау бойынша талаптарды орындамау бет сапасының нашарлауына әкелуі мүмкін, бұл аспаптың қызмет ету мерзіміне кері әсер етуі, тіпті қауіпті жағдайдың пайда болуына әкелуі мүмкін.
23 Осы пешке ұсынылған температуралық сүңгішті ғана қолданыңыз (температураны өлшеу үшін сүңгішті қолдану мүмкіндігімен жабдықталған пештер үшін).
24 Контейнерлерді құрылғыдан шығару кезінде бұрылмалы үстелдің ығысып кетпеуін қадағалау керек.
25 Құрылғыны бумен тазалағыштың көмегімен тазалауға болмайды.
26 Құрылғыны шкафтың ішіне орналастыруға болмайды.
27 **НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!** Электр тогының соғуын болдырмау үшін шамды ауыстырмас бұрын пештің өшірілгеніне көз жеткізіңіз.
28 Қызып кетуді болдырмау үшін құрылғыны сәндік есіктің артына орнатуға болмайды. (Бұл сәндік есігі бар аспаптарға жатпайды).
29 Микротолқынды пешті сәндік есігі ашық күйде пайдалану керек. (Сәндік есігі бар пештер үшін.)
30 Құрылғының артқы беті қабырғаға қаратып орнатылуы тиіс.
31 **НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!** Құрылғыны пайдалануды бастамас бұрын, оның камерасында микротолқынды пеште пайдалануға арналмаған заттардың немесе ыдыстардың жоқ екеніне көз жеткізіңіз.
32 **НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!** Пеш пайдаланылмай тұрған кезде оның камерасында тез тұтанатын бұйымдарды, асүй керек-жарақтарын немесе тамақ өнімдерін қалдырмаңыз.
33 Камераны жарықтандыру — бұл пайдаланушыларға тазалау жұмыстарын жүргізуді және тамақ дайындау процесін бақылауды және т.б. жеңілдететін негізгі функция. Жарықтандыру қажет болмаған кезде, электр энергиясын үнемдеу үшін пештің есігін жабыңыз — осы сәтте жарық автоматты түрде өшеді. (Камерасы жарықтандырылатын пеш үшін.)

34 Микротолқынды пеш бос болған кезде оны қоспаңыз: қызып кетудің және камераның ықтимал бүлінуінің алдын алу үшін микротолқынды пештің ішінде өнімдерсіз жұмыс істеуіне жол бермеңіз.
35 Микротолқынды пешті ұзақ уақыт бойы үздіксіз пайдаланбаңыз, өйткені бұл қызып кетуден қорғаныстың іске қосылуына және қыздырудың тоқтауына әкелуі мүмкін. Пеш суыған бойда оны қайтадан пайдалануға болады.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

МҰҚИЯТ ОҚЫП ШЫҒЫҢЫЗ ЖӘНЕ БОЛАШАҚТА ПАЙДАЛАНУ ҮШІН САҚТАҢЫЗ ТЕК ТҰРМЫСТЫҚҚА ПАЙДАЛАНУҒА АРНАЛҒАН (КОММЕРЦИЯЛЫҚ МАҚСАТТА ПАЙДАЛАНУҒА БОЛМАЙДЫ)

ҚҰРЫЛҒЫНЫ ЖЕРГЕ ТҰЙЫҚТАУ

ҚАУІПТІ!

Электр тогының соғу қаупі
Кейбір ішкі компоненттерге қол тигізу ауыр жарақаттарға немесе өлімге әкелуі мүмкін. Бұл құрылғыны бөлшектемеңіз.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Электр тогының соғу қаупі
Жерге тұйықтауды дұрыс пайдаланбау электр тогымен зақымдануға алып келуі мүмкін. Құрылғы дұрыс орнатылмайынша және жерге тұйықталмайынша сұғіме ашаны желілік розеткаға салмаңыз.
Бұл құрылғы жерсіңдіріле алады. Электрлік қысқа тұйықталу жағдайдында жерге тұйықтау құрылғы корпусынан кернеуді арылтып, электр тогымен зақымдану қатерін төмендетеді.
Бұл құрылғы жерге тұйықтау ашасы бар жерге тұйықтау сымына ие сыммен жабдықталған. Аша тиісті түрде орнатылған және жерге тұйықталған розеткаға ендірілуі керек.
Егер жерге тұйықтау бойынша нұсқаулар толық түсінікті болмаса немесе құрылғының жерге дұрыс тұйықталғанында күмән болса, білікті электршіге немесе қызмет көрсету жөніндегі маманға жүгініңіз.

Егер ұзартқыш сымды пайдалану қажет болса, тек қана 3-тармақты ұзартқышты пайдаланыңыз.


1 Ұзын сымға оралу немесе оған сүрініп қалу қаупін азайту үшін қысқа электр қуат беру сымы қарастырылған.


2 Егер ұзын жалғастырғыш баусым немесе ұзартқыш пайдаланылса:
- Қосқыш сымның немесе ұзартқыштың көрсетілген атаулы қуаты, кем дегенде, пештің атаулы қуатынан аз болмауы керек.
- Ұзартқыш жерге тұйықтауы бар 3 сымды қуат кабелі болуы тиіс.
- Ұзын баусым кездейсоқ шатасып қалуын немесе адамдардың сүрініп кетуін болдырмау үшін балалар оны тартып алмайтындай немесе ол шатасып қалмайтындай етіп орналастырылуы тиіс.

ҚҰРЫЛҒЫНЫҢ СИПАТТАМАСЫ

(Осы нұсқаулықтағы құрылғы мен иллюстрациялар арасында қандай да бір айырмашылықтар болған жағдайда, нақты құрылғы басымдыққа ие болады).

Пешті және барлық материалдарды қораптан және пештің камерасынан шығарыңыз. Сіздің пешіңіз келесі аксессуарлармен бірге жеткізіледі:

		
Шыны бұрылмалы үстел	Пайдалану нұсқаулығы	Жиналған бұрылмалы сақина




1. Есік ысырмалары
2. Қарау терезесі
3. Жиналған есік
4. Пеш камерасы
5. Жиналған бұрылмалы сақина
6. Басқару панелі
7. Слюда тілімше

ҚАПТАМАДАН ШЫҒАРУ


Жаңа құрылғыны орнатқан кезде барлық қаптама мен тасымалдау үлдірінің алынып тасталғанына және аксессуарлардың камерадан шығарылғанына көз жеткізіңіз. Пеште майысқан жерлер немесе есігінің бүлінуі сияқты ақаулардың бар-жоғын тексеріңіз. Бүліну анықталған жағдайда пешті пайдалануға жол берілмейді.

БҰРЫЛМАЛЫ ҮСТЕЛДІ ОРНАТУ

Құрылғыны алғаш рет пайдалану алдында бұрылмалы үстелді дұрыс орнату керек. Төмендегі суретті қараңыз:



1 Шыны поднос
2 Жиналған бұрылмалы сақина



ЕСКЕРТУЛЕР

- Ешқашан құрылғыны бұрылатын үстелсіз қолданбаңыз. Ол дұрыс бекітілгеніне көз жеткізіңіз. Бұрылатын үстел сағат тілі бойынша да, сағат тіліне қарсы да айналуы мүмкін.

ЖҰМЫСҚА ДАЙЫНДЫҚ

- Шыны подносты ешқашан төңкеріп орнатпаңыз. Шыны подностың қозғалысына ештеңе кедергі болмауы керек.
- Тағамдарды пісіру кезінде әрқашан шыны подносты да, бұрылмалы үстел сақинасын да пайдалану керек.
- Пісіру кезінде барлық тағамдар мен тағамы бар контейнерлерді әрқашан шыны жайпақ табаққа қою керек.
- Бұрылмалы үстелдің қозғалысын шектеуге тыйым салынады.
- Егер шыны поднос немесе бұрма сақина жарылып немесе сынып қалса, ең жақын орналасқан авторландырылған сервистік орталыққа жүгініңіз.

ҚҰРЫЛҒЫНЫ ОРНАТУ

1 Кіріс және/немесе шығыс саңылауларға арналған жеткілікті ашық кеңістікті қамтамасыз ететін тегіс беткі қабатты таңдаңыз.
   - Орнатудың минималды биіктігі – 85 см.
   - Құрылғының артқы беті қабырғаға қаратып орнатылуы тиіс. Пештің үстінде 30 см ең аз бос кеңістікті қалдырыңыз, ал пеш пен іргелес қабырғалар арасында 20 см ең аз қашықтығын қалдыру қажет.
   - Пештің төменгі бөлігінен аяқтарды алмаңыз.
   - Кіріс және/немесе шығыс желдеткіш саңылаулардың бұғатталуы пешті зақымдай алады.
   - Пешті радиоқабылдағыштан және теледидардан алшақ орнатыңыз. Микротолқынды пештің жұмысы радио немесе телевизиялық сигналдарды қабылдау үшін кедергілер тудыруы мүмкін.
2 Пешті стандартты тұрмыстық розеткаға қосыңыз. Желінің кернеуі мен жиілігі паспорт тақтайшасында көрсетілген кернеуге және жиілікке сәйкес келетініне көз жеткізіңіз.

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Пешті плитаның немесе басқа жылыту аспабының үстіне орнатпаңыз. Жылу көзінің жанына немесе оның үстіне орнатқан кезде пеш зақымдалуы мүмкін және бұл жағдайда сервистік кепілдіктің күші жойылады.




Пештің жұмысы кезінде ұстай алатын беткі қабат ыстық болуы мүмкін.

Құрылғының электр желісінен ажыратылғанына көз жеткізіңіз.

1 Пайдаланғаннан кейін пештің камерасын сәл дымқыл шүберекпен тазалаңыз.
2 Аксессуарларды әдеттегі тәсілмен сабынды суда тазалаңыз.
3 Есікшенің жақтауы және тығыздағыш, сондай-ақ іргелес бөлшектерді ластанған болса дымқыл шүберекпен мұқият тазалау қажет.
4 Пештің есігінің әйнегін тазалау үшін қатты абразивті тазалағыш құралдарды немесе өткір металл қырғыштарды пайдаланбаңыз, себебі бұл ретте бетті сырып алуға болады, бұл әйнектің жарылуына әкелуі мүмкін.
5 Тазалау бойынша кеңес — Дайындалған тағам жанасуы мүмкін камераның қабырғаларын тазалауды жеңілдету үшін: лимонның жартысын тегенге салыңыз, 300 мл су қосыңыз және 10 минут бойы микротолқынды пеште 100% қуатта қыздырыңыз. Пешті құрғақ жұмсақ шүберекпен сүртіңіз.

СЫРТҚЫ ТҮРІ


InverterPro
°C
W
g
СВЧ
Разморозка
Низкотемп. режим
Автоменю
Блокировка/ Выкл. звук
Эко-режим/ Часы
5 мин
1 мин
10 сек
Настройка
Стоп
Отмена
Старт
+30 сек

БАСҚАРУ ПАНЕЛІНІҢ СИПАТТАМАСЫ

Түйме	Сипаттамасы
СВЧ	Микротолқынды пештің жұмыс істеуі үшін қуат деңгейін орнатыңыз
Разморозка	Таңдалған салмақ пен уақытқа байланысты өнімдерді еріту
Низкотемп. режим	Төмен температура мәзірі
Автоменю	Салмақ бойынша алдын ала орнатылған бағдарламалары бар автоматты мәзір
Блокировка/ Выкл. звук	Балалардан бұғаттау функциясы / Дыбыстық сигналдарды өшіру режимі
Эко-режим/ Часы	Энергияны үнемдеу / Уақытты орнату
5 мин ⋮ 1 мин ⋮ 10 сек	Дайындау уақытын орнату
— Настройка +	Автоматты мәзір режимін таңдау / Параметрлерді баптау (уақыт, қуат деңгейі, салмақ)
Стоп Отмена	Дайындаудың белсенді күйін тоқтата тұру / Ағымдағы операцияны болдырмау
Старт +30 сек	+30 секунд / Енгізуді растау

САҒАТТЫ ОРНАТУ

Пешті электр желісіне қосқаннан кейін дисплейде «0:00» пайда болады, дыбыстық сигнал шығады және пеш күту режиміне өтеді.

1 « Эко-режим/ Часы » түймесін бір рет басыңыз — экранда «00:00» көрсетіледі.
2 Сағатты орнату үшін « — » немесе « + » түймесін басыңыз.
3 Растау үшін « Эко-режим/ Часы » түймесін басыңыз.
4 Минуттарды орнату үшін « — » немесе « + » түймесін басыңыз.
5 Растау үшін « Эко-режим/ Часы » түймесін басыңыз. Сағат орнатылды.

ЕСКЕРТУ:

1 Сағатты қалпына келтіру үшін 1-5 қадамдарды қайталаңыз.
2 Сағат 24 сағаттық форматта жұмыс істейді. Егер сағат орнатылмаған болса, құрылғы қуат беру кезінде жұмыс істемейді.

МИКРОТОЛҚЫН РЕЖИМІНДЕ ДАЙЫНДАУ

Номиналды тұтынылатын қуаттың 11 деңгейі қолжетімді.

Қуаты	100%	90%	80%	70%	60%	50%	40%	30%	20%	10%	0%
Дисплей	900W	810W	720W	630W	540W	450W	360W	270W	180W	90W	0W

1 « СВЧ » түймесін бір рет басыңыз — экранда «900W» пайда болады.
2 Қуат деңгейін орнату үшін « СВЧ » түймесін бірнеше рет басыңыз немесе « — », « + » түймелерін басыңыз. Номиналды тұтынылатын қуаттың 11 деңгейі қолжетімді.
3 Растау үшін « Старт +30 сек » түймесін басыңыз.
4 Дайындау уақытын белгілеу үшін « 5 мин », « 1 мин », « 10 сек », « — » немесе « + » түймелерін басыңыз.
Уақыттың максималды мәні — «95:00».
5 Дайындауды бастау үшін « Старт +30 сек » түймесін басыңыз.

САЛМАҒЫ БОЙЫНША ЕРІТУ

1 « Разморозка », « — » немесе « + » түймесін бір рет басыңыз, «dEF1/ dEF2/dEF3/dEF4» таңдаңыз.
2 Растау үшін « Старт +30 сек » түймесін басыңыз.
3 Тағамның салмағын орнату үшін « — », « + » түймесін басыңыз.
Салмақ диапазоны 100–2000 г құрайды.

4 Ерітуді бастау үшін « Старт +30 сек » түймесін басыңыз.

ЕСКЕРТУ:

Дыбыстық сигнал еріту кезінде тағамды аударып қою керектігін еске салады. Егер ешқандай әрекет жасалмаса, пеш жұмысын жалғастырады.

УАҚЫТ БОЙЫНША ЕРІТУ

1 «dEF5» таңдау үшін « Разморозка » немесе « — », « + » түймесін бес рет басыңыз.
2 Растау үшін « Старт +30 сек » түймесін басыңыз.
3 Қажетті еріту уақытын орнату үшін « — », « + » түймелерін басыңыз. Уақыттың максималды мәні — «95:00».
4 Ерітуді бастау үшін « Старт +30 сек » түймесін басыңыз.

ЕСКЕРТУ:

Дыбыстық сигнал еріту кезінде тағамды аударып қою керектігін еске салады. Егер ешқандай әрекет жасалмаса, пеш жұмысын жалғастырады.

КЕЗЕҢ-КЕЗЕҢМЕН ДАЙЫНДАУ

ЕСКЕРТУ:

1 Көп сатылы дайындау кезінде екі кезеңді орнатуға болады.
2 Егер еріту функциясы таңдалса, ол бірінші кезеңде автоматты түрде жұмыс істейді.
3 Автоматты мәзірді көп сатылы дайындаудың қадамдарының бірі ретінде орнатуға болмайды.

МЫСАЛЫ:

500 г өнімді ерітіңіз, содан кейін микротолқынды қуаттың 50%-ында 7 минут дайындаңыз.

1 «dEF1» пайда болғанша « Разморозка » түймесін бірнеше рет басыңыз.
2 Бастау үшін « Старт +30 сек » түймесін басыңыз. Тағамның салмағын 500 г етіп орнату үшін « — » немесе « + » түймелерін басыңыз.
3 « СВЧ » түймесін бір рет басыңыз, содан кейін дисплейде «900W» пайда болады.

4 450 Вт қуат деңгейін орнату үшін « СВЧ » немесе « — » « + » түймесін қайта басыңыз.

5 Бастау үшін « Старт +30 сек » түймесін басыңыз. Содан кейін дайындау уақытын 7 минутқа орнату үшін « 5 мин », « 1 мин », « 10 сек », « — » немесе « + » түймелерін басыңыз.

6 450 қуат деңгейін орнату үшін « СВЧ » түймесін басыңыз.

7 Дайындауды бастау үшін « Старт +30 сек » түймесін басыңыз.

ЖЫЛДАМ ДАЙЫНДАУ

1 Күту режимінде дайындау уақытын 100% қуатпен орнату үшін « 5 мин », « 1 мин », « 10 сек » түймелерін бір рет басыңыз. Содан кейін дайындауды бастау үшін « Старт +30 сек » түймесін басыңыз.
Уақыттың максималды мәні — «95:00».

2 Күту режимінде тағамды 30 секунд ішінде 100% қуатпен дайындау үшін « Старт +30 сек » түймесін басыңыз. Бір түймені әр басу уақытты 30 секундқа арттырады, максималды уақыт мәні — «95:00».

3 Дайындауды бастау үшін « Старт +30 сек » түймесін басыңыз.

ЕСКЕРТУ:

Микротолқынды пеште дайындау және уақыт бойынша еріту режимінде « Старт +30 сек » түймесін әрбір қосымша басу дайындау уақытын 30 секундқа арттырады (салмағы бойынша еріту мен автоматты мәзірден басқа).

АВТОМӘЗІР

1 Дайындағыңыз келетін тағамның салмағын таңдау үшін « Автоменю » немесе « — » « + » түймесін басыңыз.

2 Автоматты мәзірде салмақты орнату үшін « Старт +30 сек » түймесін, содан кейін « — » немесе « + » түймесін басыңыз.

3 Дайындауды бастау үшін « Старт +30 сек » түймесін басыңыз.

Автоматты мәзір кестесі

Мәзір	Салмақ/Көлем	Дисплей	Қуаты
Картоп А-1	1 картоп (230 г)	1	100%
	2 картоп (460 г)	2	
	3 картоп (690 г)	3	
Макарон А-2	50 г	50 г	80%
	100 г	100 г	
Пицца А-3	200 г	200 г	100%
	400 г	400 г	
Попкорн А-4	50 г	50 г	100%
	100 г	100 г	
Сусындар А-5	1 шыныаяқ	1	100%
	2 шыныаяқ	2	
	3 шыныаяқ	3	
Жаңа көкөністер А-6	200 г	200 г	100%
	400 г	400 г	
Мұздатылған көкөністер А-7	200 г	200 г	100%
	400 г	400 г	
Ет А-8	250 г	250 г	80%
	450 г	450 г	
Балық А-9	250 г	250 г	80%
	450 г	450 г	
Нан А-10	300 г	300 г	100%
	500 г	500 г	
Сорпа А-11	200 мл	200 г	100%
	400 мл	400 г	
Пісірілген тауық еті А-12	250 г	250 г	80%
	450 г	450 г	
Ризотто/күріш А-13	200 г	200 г	100%+50%
	400 г	400 г	
Жылдам дайындалатын кеспе А-14	60 г	60 г	100%
	120 г	120 г	
Сұлы боткасы А-15	35 г	35 г	80%
	70 г	70 г	

ЖАД ФУНКЦИЯСЫ

1 « Низкотемп. режим » түймесін бір рет басыңыз, содан кейін экранда «L-1» жазуы пайда болады.

2 « — » немесе « + » түймесін басыңыз Жад функциясының санатын таңдаңыз.

3 « Старт +30 сек » түймесін бір рет басыңыз, содан кейін экранда «100» көрсетіледі.

4 Жад функциясында салмақты орнату үшін « — », « + » түймесін басыңыз.

5 Дайындауды бастау үшін « Старт +30 сек » түймесін басыңыз.

ЕСКЕРТУ:

1 Егер қуат өшірілмесе, процедура үнемі сақталады.

2 Автоматты мәзірді жад функциясы ретінде сақтауға болмайды.

Мәзір	Салмақ/Көлем	Дисплей	Қуаты
Температураны ұстап тұру L-1	1200 г	1200 г	10%
Баяу дайындау L-2	1200 г	1200 г	50%+30%
Вакуумда дайындау L-3	300 г	300 г	30%
Шоколадты балқыту L-4	100 г	100 г	80%
	250 г	250 г	
Сары майды еріту L-5	1 кесек (113 г)	1	50%
	2 кесек	2	
Ірімшікті балқыту L-6	100 г	100 г	80%
	250 г	250 г	
Балмұздақты жұмсарту L-7	65 г	65 г	50%
	550 г	550 г	

БАЛАЛАРДАН БҰҒАТТАУ ФУНКЦИЯСЫ

Бұл функцияның көмегімен экрандағы түймелерді бұғаттап, баланың пешті кездейсоқ қосуына жол бермеуге болады.

1 Бұғаттауды қосу үшін:

Күту режимінде « Блокировка/ Выкл. звук » түймесін үш секунд басып тұрыңыз.

Дыбыстық сигнал естіледі және экранда бұғаттау белгішесі пайда болады.

2 Бұғаттауды өшіру үшін:

Бұғатталған күйде « Блокировка/ Выкл. звук » түймесін үш секунд басып тұрыңыз.

Дыбыстық сигнал естіледі.

ДЫБЫСТЫҚ СИГНАЛДАРДЫ ӨШІРУ

1 Дыбысты өшіру үшін:

Күту режимінде « Блокировка/ Выкл. звук » түймесін бір рет басыңыз. Дыбыстық сигнал естіледі. Түймені басқанда ол дыбыс шығармайды.

2 Дыбысты өшіру режимінен шығу үшін:

Дыбысты өшіру режимінде « Блокировка/ Выкл. звук » түймесін бір рет басыңыз.

Дыбыстық сигнал естіледі.

ECO ФУНКЦИЯСЫ

1 ECO режимін қосу үшін:

Күту режимінде « Эко-режим/ Часы » түймесін үш секунд басып тұрыңыз. Экран сөнеді.

2 ECO режимінен шығу үшін:

ECO режимінде кез келген түймені басу, есікті ашу немесе жабу оны тоқтатады.

ЫДЫСТЫ ТАҢДАУ

Пеште пайдалануға болатын материалдар

Ыдыс	Ескертулер
Қуыруға арналған ыдыс	Өндірушінің нұсқауларын орындаңыз. Қуыруға арналған ыдыстың асты бұрылмалы үстелдің үстінен шамамен 5 мм қашықтықта болуы керек. Дұрыс пайдаланбау бұрылмалы үстелдің бұзылуына әкелуі мүмкін. (Бұрылмалы үстелі бар үлгі үшін.)
Асхана ыдысы	Тек микротолқынды пеште пайдалану үшін жарайтын. Өндірушінің нұсқауларын орындаңыз. Жарықтары немесе кетіктері бар ыдысты қолданбаңыз.
Шыны құтылар	Әрқашан қақпақты шешіңіз. Тамақты жылы болғанша қыздыру үшін ғана пайдаланыңыз. Шыны құтылардың көбісі қыздыруға төзімсіз болып табылады және шытынап кетуі мүмкін.
Шыны бұйымдар	Тек пешке арналған ыстыққа төзімді ыдыстар. Металл элементтері жоқ екеніне көз жеткізіңіз. Жарықтары немесе кетіктері бар ыдысты қолданбаңыз.
Дайындауға арналған пакеттер	Өндірушінің нұсқауларын орындаңыз. Металл сыммен байламаңыз. Бу шығуы үшін саңылаулар жасаңыз.
Қағаз тәрелкелер мен шыныаяқтар	Тек қысқа мерзімді дайындау / қыздыру үшін пайдаланыңыз. Тағам дайындау кезінде пешті қадағалаусыз қалдырмаңыз.
Қағаз сүлгілер	Тамақты жабу және артық майды сіңіру үшін қолданыңыз. Тек қысқа мерзімді тамақ дайындау үшін ғана бақылауда пайдаланыңыз.
Пергамент қағазы	Шашырауды болдырмау үшін немесе буландыру кезінде орау үшін қақпақ ретінде пайдаланыңыз.
Пластик ыдыс	Тек микротолқынды пеште пайдалану үшін жарайтын. Өндірушінің нұсқауларын орындаңыз. «Микротолқынды пеш үшін қауіпсіз» деген белгісі болуы тиіс. Кейбір пластик контейнерлер жұмсарады, өйткені ішіндегі тамақ ыстық болады. Пісіруге арналған пакеттер мен тығыз жабылған полиэтилен пакеттер қаптамадағы нұсқауларға сәйкес кесілуі немесе тесілуі тиіс.
Пластик үлдір	Тек микротолқынды пеште пайдалану үшін жарайтын. Ылғалды сақтау үшін пісіру кезінде тамақты орау үшін пайдаланыңыз. Пластик үлдірдің тамаққа тиіп кетуіне жол бермеңіз.
Термометрлер	Тек микротолқынды пеш үшін қауіпсіз өнімдер (ет немесе кондитерлік өнімдерге арналған термометрлер).
Балауыз қағазы	Шашырауды болдырмау және ылғалды сақтау үшін орауыш ретінде пайдаланыңыз.

Ыдыс	Ескертулер
Шыны құтылар	Әрқашан қақпақты шешіңіз. Тамақты жылы болғанша қыздыру үшін ғана пайдаланыңыз. Шыны құтылардың көбісі қыздыруға төзімсіз болып табылады және шытынап кетуі мүмкін.
Шыны бұйымдар	Тек пешке арналған ыстыққа төзімді ыдыстар. Металл элементтері жоқ екеніне көз жеткізіңіз. Жарықтары немесе кетіктері бар ыдысты қолданбаңыз.
Дайындауға арналған пакеттер	Өндірушінің нұсқауларын орындаңыз. Металл сыммен байламаңыз. Бу шығуы үшін саңылаулар жасаңыз.
Қағаз тәрелкелер мен шыныаяқтар	Тек қысқа мерзімді дайындау / қыздыру үшін пайдаланыңыз. Тағам дайындау кезінде пешті қадағалаусыз қалдырмаңыз.
Қағаз сүлгілер	Тамақты жабу және артық майды сіңіру үшін қолданыңыз. Тек қысқа мерзімді тамақ дайындау үшін ғана бақылауда пайдаланыңыз.
Пергамент қағазы	Шашырауды болдырмау үшін немесе буландыру кезінде орау үшін қақпақ ретінде пайдаланыңыз.
Пластик ыдыс	Тек микротолқынды пеште пайдалану үшін жарайтын. Өндірушінің нұсқауларын орындаңыз. «Микротолқынды пеш үшін қауіпсіз» деген белгісі болуы тиіс. Кейбір пластик контейнерлер жұмсарады, өйткені ішіндегі тамақ ыстық болады. Пісіруге арналған пакеттер мен тығыз жабылған полиэтилен пакеттер қаптамадағы нұсқауларға сәйкес кесілуі немесе тесілуі тиіс.
Пластик үлдір	Тек микротолқынды пеште пайдалану үшін жарайтын. Ылғалды сақтау үшін пісіру кезінде тамақты орау үшін пайдаланыңыз. Пластик үлдірдің тамаққа тиіп кетуіне жол бермеңіз.
Термометрлер	Тек микротолқынды пеш үшін қауіпсіз өнімдер (ет немесе кондитерлік өнімдерге арналған термометрлер).
Балауыз қағазы	Шашырауды болдырмау және ылғалды сақтау үшін орауыш ретінде пайдаланыңыз.

Микротолқынды пешті пайдалану кезінде қолданбау қажет материалдар

Ыдыс	Ескертулер
Алюминий науа	Ұшқын тудыруы мүмкін. Тамақты микротолқынды пеште пайдалануға жарамды ыдысқа салыңыз.
Металл тұтқасы бар тағамдық картон	Ұшқын тудыруы мүмкін. Тамақты микротолқынды пеште пайдалануға жарамды ыдысқа салыңыз.
Металл немесе металлмен әрленген ыдыс	Металл микротолқынды энергияның тағамдарға қолжетімділігін жабады. Металл әрлеме ұшқын тудыруы мүмкін.
Металл байлауыштар	Ұшқынға әкелуі мүмкін және пеште өрт тудыруы мүмкін.
Қағаз пакеттер	Пеште өрт шығуы мүмкін.
Көбікпласт	Көбікпласт жоғары температураға ұшыраған кезде балқуы немесе тағамды ластауы мүмкін.
Ағаш	Микротолқынды пеште пайдалану кезінде сүрек кебеді және жарылуы немесе шытынауы мүмкін.

Сервистік орталыққа жүгінер алдында

Ақаулықтар барлық электр аспаптарында пайда болуы мүмкін. Бұл міндетті түрде құрылғыда ақау бар дегенді білдірмейді. Сондықтан ақаулықты өз күшімен жоюға болатынын білу үшін кестелердегі ақпаратты тексеріңіз. Сервистік қызметке хабарласпас бұрын ақаулықтарды жою туралы ақпаратпен танысыңыз. Бұл қажетсіз жөндеу шығындарын болдырмауға көмектеседі. Егер сіз мәселені өзіңіз шеше алмасаңыз, компанияның ең жақын уәкілетті сервистік орталығына хабарласыңыз.

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Жарақат алу қаупі!
Дұрыс емес жөндеу қауіп төндіреді.
Құрылғыны жөндеуді тек кәсіби маман жүргізуі керек. Егер құрылғы ақаулы болса, Клиенттерге қолдау көрсету қызметіне хабарласыңыз. Ақаулы немесе бұзылған деп күдіктенген құрылғыны ешқашан өз күшіңізбен жөндемеңіз.

АҚАУЛЫҚ	ЫҚТИМАЛ СЕБЕП	ЫҚТИМАЛ ШЕШІМІ
Құрылғы жұмыс істемей тұр	Қуат сымының желілік ашасы розеткаға қосылмаған.	Ашаны розеткадан ажыратыңыз, содан кейін оны қайтадан мықтап салыңыз.
	Электр энергиясы ажыратылды.	Ас үйдегі жарықтандыру немесе басқа электр аспаптарының жұмыс істеп тұрғанын тексеріңіз.
	Есік толық жабылмаған.	Есікте тамақ қалдықтары немесе бөгде заттардың қалып қоймағанын тексеріп, есіктің дұрыс жабылғанына көз жеткізіңіз.
Қыздыру жұмыс істемейді	Есік нашар жабылған.	Есіктің мықтап жабылғанына көз жеткізіңіз.
Шу	Микротолқынды пештер жұмыс кезінде шу шығарады, бірақ егер шу әдеттен тыс қатты немесе әдеттен тыс болса, бұл бұрылмалы үстелдің дұрыс орнатылмағандығына байланысты болуы мүмкін (бұрылмалы үстелі бар модель үшін).	Бұрылмалы үстелді дұрыс күйге орнатыңыз.

АҚАУЛЫҚТАРДЫ ЖОЮ

АҚАУЛЫҚ	ЫҚТИМАЛ СЕБЕП	ЫҚТИМАЛ ШЕШІМІ
Дұрыс емес еріту	Микротолқынды пештің қуат параметрі төмен деңгейге орнатылған. Тамақ әдеттегіден суық.	Микротолқындардың қуатын арттырыңыз.
	Қолдануға болмайтын материалдар пайдаланылды.	Микротолқынды пешке қауіпсіз ыдыстарды ғана пайдаланыңыз.
	Дайындау уақыты мен қуат деңгейі жарамайды.	Дұрыс дайындау уақыты мен қуат деңгейін пайдаланыңыз.
	Өнімдер аударылмайды және араластырылмайды.	Өнімдерді аударыңыз немесе араластырыңыз.
Біркелкі дайындалмаған өнімдер; шала пісірілген өнімдер	Микротолқынды пештің қуат параметрі төмен деңгейге орнатылған.	Микротолқындардың қуатын арттырыңыз.
	Қолдануға болмайтын материалдар пайдаланылды.	Микротолқынды пешке қауіпсіз ыдыстарды ғана пайдаланыңыз.
	Өнімдер толық ерітілмеген.	Өнімдерді толық ерітіңіз.
	Дайындау уақыты мен қуат деңгейі жарамайды.	Дұрыс дайындау уақыты мен қуат деңгейін пайдаланыңыз.
	Өнімдер аударылмайды және араластырылмайды.	Дайындау кезінде өнімдерді мезгіл-мезгіл аударыңыз немесе араластырыңыз.
Артық қуырылған өнімдер	Микротолқынды пештің қуаты жоғары деңгейге орнатылған. Дайындау уақыты мен қуат деңгейі жарамайды.	Дұрыс дайындау уақыты мен қуат деңгейін пайдаланыңыз.
Микротолқынды пеш ұшқын шығарады және доға пайда болады	Қолдануға болмайтын материалдар пайдаланылды.	Микротолқынды пешке қауіпсіз ыдыстарды ғана пайдаланыңыз.
	Пеш ішінде өнімдер болмаған кезде жұмыс істейді.	Егер ішінде тамақ болмаса, пешті қосуға тыйым салынады. Бұл өте қауіпті.
	Төгілген өнімдер пештің камерасында қалады.	Камераны дымқыл сүлгімен сүртіңіз.

ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАРЫ

Үлгісі	HMM-DM258BA
Номиналды кернеуі/жиілігі	220-240 В айнымалы ток / 50 Гц
Кіріс қуаты (микротолқ. режим)	1400 Вт
Шығыс қуаты (микротолқ. режим)	900 Вт
Толқынылар жиілігі	2450 МГц
Салмағы	8.6 кг
Өнімнің өлшемдері	472×374×280 мм

КЛИЕНТТЕРГЕ ҚОЛДАУ КӨРСЕТУ ҚЫЗМЕТІ

Біз Haier компаниясының Клиенттерге қолдау көрсету қызметіне хабарласуды, сондай-ақ түпнұсқа қосалқы бөлшектерді пайдалануды ұсынамыз. Егер сіздің тұрмыстық техникаңызда ақаулықтар туындаса, алдымен «Ақаулықтарды іздеу және жою» тарауын қарап шығыңыз. Егер сіз мәселенің шешімін таппасаңыз, мыналарға хабарласыңыз:

- сіздің ресми дилеріңізге
- Haier Ақпараттық орталығына:

8-800-070-01-29 — (ҚР)

- **http://haieronline.kz** сайтына, онда сіз қызмет көрсетуге өтінім қалдыра аласыз, сондай-ақ жиі қойылатын сұрақтарға жауап таба аласыз.

Біздің сервистік орталыққа хабарласқанда паспорт тақтайшасында және чекте таба алатын келесі ақпаратты дайындаңыз:

Үлгісі	HMM-DM258BA
Сериялық нөмірі	
Сатылған күні	

Сонымен қатар, кепілдігінің және сатылғаны туралы құжаттардың болуын тексеріңіз.

МАҢЫЗДЫ! Құрылғыда сериялық нөмірдің болмауы өндіруші үшін құрылғыны сәйкестендіруді және соның салдарынан оның кепілдік қызметін мүмкін емес етеді.

АСПАПТАН зауыттық сәйкестендіруші тақтайшаларды алып тастауға тыйым салынады. Зауыттық тақтайшалардың болмауы кепілдік міндеттемелерін орындаудан бас тарту себебі болуы мүмкін.

Осы құжатқа алдын ала хабарламай өзгерістер енгізілуі мүмкін. Өндіруші бұйымның құрылымы мен жиынтығына қосымша хабарламай өзгерістер енгізу құқығын өзіне қалдырады.

Өнім Еуразиялық экономикалық (Кеден) одақтың техникалық регламенттерінің талаптарына сәйкес келеді:
Сәйкестік сертификаты № ЕАЭС RU C-CN.АЯ46.В.44979/25 17.12.2025 бастап 16.12.2030 дейін жұмыс істейді.
Сәйкестік туралы декларация № ЕАЭС N RU Д-CN.РА05.В.07864/26 15.06.2026 бастап 14.06.2031 дейін әрекет етеді.
Толық мәліметтер Еуразиялық экономикалық одақтың берілген сәйкестік сертификаттарының және тіркелген сәйкестік туралы декларацияларының бірыңғай тізілімінде көрсетілген.
Тасымалдау және сақтау
Өнімді зауыттық қаптамада, онда көрсетілген манипуляциялық белгілерге сәйкес тасымалдау және сақтау қажет.
Тиеу, түсіру және тасымалдау кезінде сақ болыңыз.
Көлік құралы және коймасы сақтау өнімді атмосфералық жауын-шашыннан және механикалық зақымданудан қорғауы керек.

КЕПІЛДІКТІ ШАРТТАР

Құрметті сатып алушы!
Haier корпорациясы таңдауыңыз үшін алғыс білдіреді, пайдалану, орнату (монтаждау) және техникалық қызмет көрсету ережелерін сақтаған жағдайда бұйымдардың (тауарлардың) жоғары сапасы мен мінсіз жұмысына кепілдік береді. Тұрмыста пайдалануға арналған бұйымдардың ресми қызмет мерзімі: микротолқынды пештер, тамақ қалдығын ұсақтағыштар — 5 жыл; робот-шаңсорғыштар, шаңсорғыштар — 4 жыл; шағын тұрмыстық техника, ақылды құлыптар — 3 жыл, су тазартқыштар — 2 жыл, қалған бұйымдар — бұйымды соңғы тұтынушыға берген күннен бастап 7 жыл. Бұйымдардың жоғары сапасын ескерсек, олардың нақты қызмет мерзімі ресми мерзімнен едәуір асып кетуі мүмкін және ұқыпты әрі мұқият қарасаңыз, олар сізге көп жыл қызмет етеді. Алайда, қызмет мерзімі аяқталғаннан кейін Тұтынушылардың құқығын қорғау туралы Заң негізінде өндіруші тұтынушыға өнімді мақсатына сай пайдалану мүмкіндігін қамтамасыз етуге міндеттелмейді және тұтынушының өміріне, денсаулығына қауіп төндіретін, оның мүлкіне немесе қоршаған ортаға зиян келтіруі мүмкін елеулі кемшіліктер үшін жауап бермейді. Дегенмен, бұйымның қызмет мерзімі аяқталғаннан кейін диагностикалық жұмыстарды қосымша ақыға жүргізу, бұйымды кәдеге жарату туралы ақпарат алу үшін Авторланған сервистік орталыққа жүгіне аласыз.
Түсініспеушіліктер болмас үшін сізден сатып алған кезде пайдалану құжаттамасын, тауарға кепілдік міндеттемелерінің шарттарын мұқият зерделеуді, сондай-ақ оны сатқан кезде тауарға қоса берілетін құжаттарды (тауар немесе касса чегі, пайдалану құжаттамасы, жүккұжаттар, кепілдік талоны) қызмет мерзімі ішінде сақтауды сұраймыз. Егер сіз сатып алған бұйым арнайы орнатуды (қосуды), бұйымға қоса берілетін пайдалану құжаттамасына сәйкес мерзімді техникалық қызмет көрсетуді талап етсе, Авторланған сервистік орталыққа жүгіну қажет.
Газ пайдаланатын жабдықты (бұйымды) орнату (қосу) және мерзімді техникалық қызмет көрсетуді тек Ресей Федерациясы Үкіметінің 14.05.2013 № 410 «Үйішілік және пәтерішілік газ жабдықтарын пайдалану және күтіп ұстау кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі шаралар туралы» қаулысымен белгіленген талаптарға сәйкес келетін мамандарған ұйым жүргізеді.
Механикалық, термиялық және электрлік зақымдардың алдын алу үшін пайдалану жағдайларына байланысты жылына кемінде бір рет Авторланған сервистік орталықта бұйымға тұрақты техникалық қызмет көрсетуге кеңес беріледі, бұл бұйымның жоғары өнімділігін сақтауға, сондай-ақ оның нақты қызмет мерзімін ұзартуға ықпал етеді. Ластану себебінен (шаң, кір, жүн, түк) бұйымның істен шығуы кепілді жағдай болып танылмайды және тек тұтынушының есебінен ғана жойылуы тиіс. Бұйымға Авторланған сервистік орталық қосымша ақыға мерзімді техникалық қызмет көрсетеді. Алайда Haier корпорациясы төменде жазылған шарттар сақталмаған жағдайда бұйымға кепілдік қызмет көрсетуден бас тарту құқығын өзіне қалдырады.

Кепілдік бойынша қызмет көрсету шарттары
Haier корпорациясы тауар тұтынушыға табыс етілген күннен бастап 12 ай* кепілдік мерзімді орнатады. Кепілдік бойынша қызмет көрсету тауарды сатқан кезде оған қоса берілетін құжаттармен (тауар немесе касса чегі, пайдалану құжаттамасы, жүккұжаттар, кепілдік талоны) жиынтықталған, тауарды сәйкестендіруге мүмкіндік беретін тауарларға ғана қолданылады.

КЛИЕНТТЕРГЕ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ

Бұйымда сериялық нөмірдің болмауы (егер оны өндіруші көздеген жағдайда) оны сәйкестендіруге және соның салдарынан оған кепілдік бойынша қызмет көрсетуге мүмкіндік бермейді. Зауыттық сәйкестендіру тақтайшаларын бұйымнан алып тастауға тыйым салынады. Зауыттық тақтайшалардың, кепілдікті пломбалардың бүлінуі немесе болмауы (олардың болуын дайындаушы қарастырса) кепілдік міндеттемелерін орындаудан бас тартуға себеп болуы мүмкін.
Кепілдікті қызмет көрсетуді Haier уәкілетті сервистік орталықтары ғана жүзеге асырады. Авторландырылған қызмет көрсету орталықтарының толық тізімін алу үшін келесі нөмірлерге қоңырау шалу арқылы Haier байланыс орталығына хабарласыңыз:
8-800-070-01-29 — Қазақстан тұтынушылары үшін (Қазақстан өңірлерінен қоңырау шалу тегін)
немесе сайтта: https://haieronline.kz немесе электрондық пошта арқылы сұрау салу арқылы: help@haieronline.kz.
Авторландырылған қызмет көрсету орталықтары өзгеруі мүмкін, толық ақпарат алу үшін Haier байланыс орталығына хабарласыңыз.

Кепілдікті қызмет көрсету ақаулықтары мыналар салдарынан туындаған бұйымдарға қолданылмайды:
– тұтынушының тауарды пайдалану, сақтау және/немесе тасымалдау жағдайлары мен ережелерін бұзуы;
– бұйымды қате орнату, баптау және/немесе іске қосу;
– тоңазытқыш контурмен жұмыс істеу технологияларын және электрлік қосылуларды бұзу, сонымен қатар бұйымды монтаждауға құжатпен расталған тиісті біліктілігі жоқ тұлғаларды тарту;
– пайдалану құжаттамасында талап етілгендей, бұйымға уақытылы қызмет көрсетпеу;
– су құбырларының желісіндегі артық немесе жеткіліксіз қысымнан;
– бұйымның осы түріне жарамайтын жуғыш заттарды пайдалану, сонымен қатар жуғыш заттардың ұсынылған мөлшерлемесінен асып кету;
– бұйымды ол арналмаған мақсаттарда пайдалану;
– үшінші тұлғалардың әрекеттерінен: уәкілеттігі жоқ тұлғалардың жөндеуі немесе өндіруші рұқсат етпеген құрылымдық немесе сызбалы техникалық өзгерістер енгізуі;
– Қуат беру желілерінің стандарттары мен нормаларынан ауытқуы;
– еңсерілмейтін күш әрекеттерінен (апат, өрт, найзағай және т. б.);
– жазатайым оқиғалар, тұтынушының немесе үшінші тұлғалардың қасақана немесе абайсыз, оның ішінде бұйымға механикалық зақым келтіруге әкелген әрекеттері;
– бұйымның ішіне бөгде дүниелер, заттар, сұйықтықтар, жәндіктер, жәндіктер тіршілігі қалдықтарының түсуі;
– тұрақсыз сымды / сымсыз байланыс және тұрақсыз телефон желілері, сапасыз жерге тұйықтау, сыртқы электромагниттік өрістер, тікелей күн сәулесінің әсер етуі, жоғары ылғалдылық пен діріл;
– бағдарламалық жасақтама мен вирустық (зиян) бағдарламалық жасақтаманың үйлеспеуі, сондай-ақ кіріккен бағдарламалық жасақтаманы өз бетінше өзгерту, сондай-ақ бөтен бағдарламалық жасақтама пайдалану;
– бүкіл құрылғының немесе оның бір бөлігінің істен шығуына әкелген сыртқы құрылғылардың қосылуы;
– табиғи нашарлау (тозу), соның ішінде қосымшалар, иілгіш дискілер, нұсқаулықтар, сондай-ақ аккмулятор блогы сыйымдылығының азаюы;
– стандарт емес және (немесе) сапасыз шығыс материалдарын, аксессуарларды, қосалқы бөлшектерді, батареяларды және/немесе әр түрлі типтегі құралдарды пайдалану;

Кепілдікті қызмет көрсету мынадай жұмыс түрлеріне қолданылмайды:
– бұйымды пайдалану орнында орнату, баптау және қосу;
– тұтынушыға бұйымды пайдалану жөнінде нұсқау және кеңес беру;
– бұйымды сыртынан немесе ішінен тазалау;
– тұтынушының немесе үшінші тұлғалардың қасақана немесе абайсыз әрекеттері нәтижесінде бүлінген операциялық жүйені (зауыттық «бағдарлама») қайта орнату.

Кепілдік және қосымша сервистік қызмет көрсетуге төменде аталған шығыс материалдары мен аксессуарлар жатпайды:
– кір және ыдыс жуғыш машиналарға арналған сүзгілер, суды жеткізу/ағызуға арналған құбыршектер;
– шаңсорғыштарға арналған құбыршектер, түтіктер, қылшақтар, қондырмалар, шаңжинағыштар;
– микротолқынды пештерге арналған табақтар, істіктер, торлар, табақшалар және тұғырықтар;
– сүзгілер, иісті сіңіргіштер, лэмпішкелер, сөрелер, жәшіктер, тіреуіштер және тағамдарды тоңазытқышта сақтауға арналған өзге сыйымдықтар;
– басқару пульттері, аккумулятор батареялары, қуат көздері, сыртқы қуат көздері және қуаттағыштар, ағытпасы бар қосқыш сымдар;
– бұйымға қосымша тіркелетін құжаттама.

* Кір жуғыш/ кептіру/ ыдыс жуғыш машинаның инверторлық қозғалтқышына, тоңазытқыштың/ мұздатқыштың инверторлық компрессорына, кептіру машинасының компрессорына кепілдік мерзімі — тауар Тұтынушыға берілген күннен бастап 12 жыл. Тікелей жетекті кір жуғыш/ кептіру машинасының қозғалтқышына (статор, ротор) өмір бойы кепілдік беріледі.

RU

Изготовитель:

«Haier Overseas Electric Appliances Corp. Ltd.», Room S401, Haier Brand building, Haier Industry park Hi-tech Zone, Laoshan District, Qingdao, China

Уполномоченная организация / Импортер:

ООО «ХАР», 121099, г. Москва, Новинский бульвар, дом 8, этаж 16, офис 1601

Уполномоченная организация в Республике Казахстан:

ТОО «Хайер Мидл Эйжа», 050000, город Алматы, Медеуский район, Проспект Достык, дом 210.

Дата изготовления и гарантийный срок указаны на этикетке устройства

Сделано в Китае

KZ

Өндіруші:

«Haier Overseas Electric Appliances Corp. Ltd.»
Рум S401, Хайер бренд билдинг, Хайер индастри парк Хай-тек зон, Лаошан дистрикт, Циндао, Қытай

Қазақстан Республикасындағы уәкілетті ұйым / импорттаушы:

«Хайер Мидл Эйжа» ЖШС, 050000, Алматы қаласы, Медеу ауданы, Достық даңғылы, 210 ғимарат.

Өндірілген күні және кепілдік мерзімі құрылғының заттаңбасында көрсетілген

Қытайда жасалған